

Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 156 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 ақпанда N 263 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 (V032591) қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
қ а у л ы е т е д і :

1. Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу Ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы осы Ережені бекіту үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Талдау-сараптау басқармасы осы Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткеннен кейін жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен
б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

5. Осы Ереженің орындалысына бақылау жасау Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және бақылау басқармасына және осы Басқармаға жетекшілік ететін БҚҰК мүшесіне жүктелсін.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

Бағалы	Қазақстан	Республикасының
ұлттық	қағаздар	жөніндегі
1997	комиссиясының	
жылғы	20	желтоқсандағы
N 156 Қаулысымен	бекітілді	

Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу ЕРЕЖЕСІ

Ескерту: Ереженің атауы және мәтіні бойынша түрлі септіктегі "Осы Ереже" деген сөздер тиісті септіктегі "Осы Ережелер" деген сөздермен ауыстырылды -

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

I тарау. Жалпы ережелер

1. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

2. Осы Ережелер мемлекеттік емес меншік нысанындағы заңды тұлғалардың облигациялар шығару және оны Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында (бұдан әрі - БҚҰК) тіркеу тәртібін белгілейді.

3. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес облигациялардың әр түрлі түрлерін эмиссиялауға құқықты.

4. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 84 қаулысымен .

5. Құқықтарды растау тәсілі бойынша облигациялар атаулы болу керек.

6. Қатарына мыналар жатқызылған эмитенттің активтері облигация шығарылымын қамтамасыз ететіндер болып табылады:

жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, ипотекалық банктік заем (кредит) шарттары бойынша талап ету құқықтарының кепілі және/немесе осындай шарттар бойынша ипотекалық куәліктер кепілі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылдауы мүмкін бағалы қағаздар және ақша кепілі ипотекалық облигациялар шығарылымын қамтамасыз ету болып табылады;

ипотекалық облигациялар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын кепілдің құны ипотекалық банктік заем (кредит) шарттары бойынша негізгі борыш қалдығының сомаларынан, кепіл заты болып табылатын ақшадан, сондай-ақ номиналдық құннан (купондық борыштық бағалы қағаздар бойынша) не сатып алу бағасынан (дисконттық борыштық бағалы қағаздар бойынша) тұрады. Мұндайда ақша және бағалы қағаздар кепілі ипотекалық облигациялар шығару және орналастыру кезінде ипотекалық облигацияларды қамтамасыз ету болып табылатын кепілдің құрамына енгізіле алмайды, ал айналыс процесінде ипотекалық облигацияларды қамтамасыз ету ретінде ұсынылған, кепілге салынған ақша мен бағалы қағаздардың құны кепілдің жалпы құнының кемінде 20% - і н қ ұ р а у ы к е р е к ;

- жылжымайтын мүліктер ;

- эмитентке тиесілі бағалы қағаздар ;

- ипотекалық облигациялар бойынша кепілді қоспағанда, ақша қаражаттары;

- жылжымалы мүліктер .

Облигацияны өтеу мерзімі аяқталғанша оның шығарылымын қамтамасыз ететін мүлікті үшінші тұлғаларға иеленуге тыйым салынады.

Материалдық емес активтер облигация шығарылымын қамтамасыз етуге қызмет ете алмайды.

Ескерту: 6-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

7. Облигация шығару шарттары эмитенттің өз акцияларына ауыстыру арқылы шығарылымды өтеу мүмкіндігін жобалай алады.

8. Облигация шығару шарттары өзгертілгенде облигацияларды олар бойынша тиісті проценттерді төлей отырып мерзімінен бұрын өтеуге облигацияның меншік иелерінің құқығы бар.

9. Облигация шығару шарттары өзгертілгенде Облигация шығару шарттарында айқындалған баспа органында бұл туралы хабар жариялауға эмитент міндетті.

10. Облигацияның меншік иесінің мүліктік құқықтарын, сондай-ақ облигация шығару және өтеу тәртібін эмитент Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Ережелерге сәйкес айқындайды.

11. Облигацияның атаулы құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен де және шетелдік валютамен де белгілене алады және бір эмиссияның барлық облигациялары үшін бірыңғай болу керек.

Ескерту: 11-тармақ жана редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 84 қаулысымен .

12. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 84 қаулысымен .

13. Бөлініп берілетін пайданы және кәсіпорын таратылған кезде оның активтерін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес иеленуге облигацияның меншік иелерінің құқығы бар.

14. Облигациялар бойынша проценттер эмитенттің қаржы жағдайына қарамастан шығару шарттарымен белгіленген мерзімдерде төлену керек.

15. Материалдық нысанда шығарылған облигацияның мынадай реквизиттері болу керек:

алдыңғы жағында:

- бағалы қағаздың атауы - "облигация";
- бағалы қағаздың түрі - "атаулы";
- эмитенттің фирмалық атауы, заңды мекені және банктік реквизиттері;

- осы шығарылымның БҚҰК мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні;

- осы шығарылым облигациясының БҚҰК беретін ұлттық

- идентификациялық нөмірі;
- облигацияның осы шығарылымның жалпы көлемі;
 - облигацияның нақтылы құны, облигация бойынша төленетін проценттердің мөлшері және/немесе, өзге мүлікті құқықтар, егер бұл көзделген болса;
 - облигацияның сериясы мен нөмірі, уәкілетті тұлғалардың қолдары және эмитенттің мөрі.
- сыртқы жағында:
- атаулы облигациялар үшін - фирмалық атауы және заңды тұлға-меншік иесінің орналасқан жері немесе жеке тұлға-меншік иесінің аты-жөні мен төлқұжат мәліметтері;
 - тираждар, ұтыс ойындарын жүргізу шарттары (егер бұл көзделген болса);
 - өтеу шарттары.

Облигацияға негізгі бөлігінен басқа, проценттер төлеуге арналған купондық парақ қоса тіркелуі мүмкін.

Проценттер төлеуге арналған купонның мынадай реквизиттері болу керек:

- купонның реттік нөмірі;
 - облигацияның нөмірі мен сериясы;
 - эмитенттің аты;
 - проценттер төлеу мерзімділігі;
- уәкілетті тұлғалардың қолдары мен эмитенттің мөрі.

2 тарау. Облигация шығарылымы

16. Облигация шығарылымы туралы шешім Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында, эмитенттің жарғысында көзделген тәртіппен қабылданады және эмитенттің жоғары басқару органының шешімімен ресімделеді.

17. Облигация шығарылымы материалдық және материалдық емес нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

18. Облигациялар олардың меншік иелеріне эмитент істерін басқаруға қатысуға құқықтар бермейді.

19. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражаттар Шығарылым шарттарында эмитент айқындаған мақсаттарға жұмсалады.

3 тарау. Облигация шығарылымын тіркеу

20. Облигация шығарылымын тіркеу үшін, оның көлеміне қарамастан осы Ережелердің N 1 қосымшасына сәйкес құжаттарды және N 2 қосымшасына сәйкес Облигация шығару шарттарын БҚҰК ұсыну керек.

21. Бұрынғы облигация шығарылымдары бойынша барлық міндеттемелер орындалып болғанша және облигацияларды өтеу жөніндегі есепті БҚҰК бекіткенше эмитентке облигацияның жаңа шығарылымына тыйым салынады.

21-1. Осы Ережелердің 21-тармағының күші мынадай жағдайларға қолданылмайды :

1) егер жаңа шығарылымның облигациялары ипотекалық болып табылса;

2) егер облигациялардың жаңа шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы Ұлттық комиссияның шешімін қабылдау сәтіне олардың эмитентінде олардың бұрын шығарған облигацияларын өтеу жөніндегі және/немесе олар бойынша сыйақы (мүдде) төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындалмау, толық немесе уақытында орындалмау жағдайлары болмаса;

егер облигациялардың жаңа шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы Ұлттық комиссияның шешімін қабылдау сәтіне олардың эмитентінде "В-дан" ("Standart & Poor's", "Moody's" немесе "Fitch" жіктеуі бойынша) төмен емес ұзақ мерзімді қамтамасыз етілмеген шетелдік валютадағы кредиттік рейтингтік бағалау бар болса ;

егер облигациялардың жаңа шығарылымын мемлекеттік тіркеу мақсатында құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның аяғының жағдайы бойынша левераж (міндеттемелердің мөлшерлерінің және олардың эмитентінің бухгалтерлік есеп жүргізу туралы заңдарға сәйкес есептелген өз капиталының арасындағы ара қатынас) 1,0-ден аспаса және осы облигациялар шығарылымын толық орналастыру нәтижесінде аталған өлшемнен аспайтын болса (осы Ережелердің 21-2-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескерумен).

Ескерту: 21-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 21 желтоқсандағы N 92 қаулысымен .

Ескерту: 21-1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

21-2. Екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін олардың сақтаулары кезінде оларға облигациялардың бұрынғы шығарылымдарын өтеу туралы есептерді бекіткенге дейін облигациялардың жаңа шығарылымдарын жүзеге асыруға рұқсат етілетін левераждың шекті рұқсат етілген мәні ретінде өз капиталының жеткіліктілік коэффициентінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген нормативтік мәні қолданылады .

Ескерту: 21-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар

жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 21 желтоқсандағы N 92 қаулысымен .

22. Эмитент облигацияның кейінгі эмиссияларын тіркеген жағдайда, жарғы мен құрылтай шартынан (немесе оны ауыстыратын құжаттан) басқа, осы Ережелердің N 1а қосымшасында көрсетілген құжаттарды, егер бұл құжаттарға өзгерістер енгізілмесе, ұсыну қажет.

Сондай-ақ, облигациялардың бұрынғы эмиссияларын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелерін және оларды өтеу туралы БҚҰК бекіткен есептерді ұсыну керек.

23. Облигация шығарылымдарын тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттардағы мәліметтердің нақтылы үшін БҚҰК жауап бермейді.

24. Облигация эмиссиясын тіркеу кезінде БҚҰК эмитенттің қызметіне, құрылу ерекшеліктеріне, сондай-ақ облигацияның болашақтағы шығарылымын қамтамасыз етуге қатысты қосымша құжаттамаларды эмитенттен талап етуге құқықты.

25. Облигация шығарылымын тіркеуден бас тартқан және тіркеуге құжаттарды қайтадан ұсынған жағдайда, қарау мерзімін есептеу жаңарады.

26. Облигациялар ауыстырылған немесе оларды айналыстан алып қойған жағдайда тиісті шешім қабылданған күннен бастап 10 күн ішінде эмитент БҚҰК-на мынадай құжаттарды ұсыну керек:

- енгізілген өзгерістердің себептері көрсетілген өтініш;
- акционерлердің жалпы жиналысының облигацияларды ауыстыру, алып қою және жою тәртібі көрсетілген хаттамасы;
- жаңа облигациялардың үлгілері;
- баспа органында жарияланған хабардың ксерокөшірмесі;
- облигация шығару шарттарына жасалған өзгерістер.

Облигацияларды ауыстыру немесе оларды айналыстан алып қою туралы тиісті рұқсатты алғаннан кейін эмитент 30 күн ішінде БҚҰК материалдық нысанда шығарылған облигацияларды жою туралы актіні ұсынуға міндетті.

27. Облигация шығарылымын тіркеу туралы БҚҰК ұсынылған құжаттарға қол қойған эмитенттің лауазымды тұлғасы осы құжаттар мазмұнындағы мәліметтердің анықтылығы үшін, сондай-ақ облигациялар шығару, орналастыру және өтеу ережелерін сақтау үшін заңмен белгіленген тәртіппен жауап береді.

28. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заң және осы Ережелер талаптарына сәйкес келсе эмитентке осы Ережелердің N 3 қосымшасына сәйкес облигация шығарылымын тіркеу туралы мемлекеттік куәлік беріледі.

29. Эмитентке аталған куәлікпен қатар Айналысқа облигациялар шығару шарттарының БҚҰК атқарушы аппаратының штампымен расталған, тіркеу нөмірі берілген данасы қайтарылады.

30. Облигация шығарылымы тіркелгеннен кейін эмитент:
- материалдық нысанда шығарылған жағдайда облигациялардың шығарылуын қамтамасыз етуге;

- облигациялар шығарылымының шарттары, орналастыру және өтеу туралы ақпараттық хабардың мәтінін БҚҰК келісуге міндетті.

31. Жарияланған хабар облигацияларды айналысқа шығару шарттарына сәйкес келмеген жағдайда БҚҰК сәйкессіздік жойылғанша облигация шығаруды кідіртуге құқықты.

32. Эмиссияны мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылғанша бұқаралық ақпарат құралдарына облигация шығару шарттарын жарнамалауға тыйым салынады.

4 тарау. Облигация айналысы

33. Айналысқа шығарылған атаулы облигациялар жөніндегі құқықтардың қозғалысына есеп жүргізу облигация ұстаушылар тізіліміне тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

34. Тізілім жүргізуді облигация шығарылымының нысанына, тәсіліне және көлеміне қарамастан эмитентпен жасасқан шарт негізінде тәуелсіз тіркеуші жүзеге асырады.

35. Материалдық түрде шығарылған атаулы облигацияның меншік иесі өзгергенде, бұрынғы меншік иесінің облигациясы жойылады және эмитент жаңа меншік иесіне оның атына жазылған облигацияны береді.

5 тарау. Облигацияны тіркеуден бас тарту, айналысын кідірту және шығарылымды болмаған деп тану

36. БҚҰК мынадай жағдайларда облигация шығарылымын тіркеуден бас тартуға құқықты:

- облигация шығарылымын тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келмесе;

- облигация шығарылымы туралы мазмұнында жалған және үстірт мәліметтер бар ақпараттар берілсе;

- осы Ережелердің талаптары бұзылса.

37. БҚҰК облигацияларды орналастыруды және айналысын мынадай жағдайларды кідіртуге құқықты:

- айналысқа облигациялар шығару шарттары бұзылса;

- облигациялар айналысы барысында шығарылым шарттарын елеулі түрде өзгертетін және инвесторларға қосымша хабарлауды талап ететін жаңа ақпарат келіп түссе;

- нақты орналастыру облигация эмиссиясының тіркелген көлемінен асып кетсе.

38. Облигация эмиссиясын кідірту үшін негіз болған жолсыздықтарды жою жөніндегі талаптарды эмитент орындамаған жағдайда БҚҰК облигация эмиссиясын болмаған деп тануға құқықты.

39. Осы Ережелердің 6-тарауының 49-тармағында белгіленген мерзімде облигация шығарылымы толық орналастырылмаған жағдайда БҚҰК облигация эмиссиясын болмаған деп тануға құқықты.

40. Облигация эмиссиясы болмаған деп танылған жағдайда осы шығарылымның облигациялары эмитентке қайтарылуға жатады және жойылады, ал эмитенттің орналастырудан алған қаражаттары инвесторларға қайтарылады.

41. Дау туындағанда БҚҰК эмитент алған қаражаттарды мәжбүр етіп қайтару туралы талаппен сот органдарына жүгінуге құқықты.

42. БҚҰК облигация эмиссиясын болмаған деп тану туралы шешімі жөнінде сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

43. Облигация айналысын кідіртуді және эмиссияны болмаған деп тануды БҚҰК эмитентке жазбаша нысанда жеткізеді және эмитент БҚҰК жазбаша ескертпесін алған сәттен бастап 7 күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

44. Осы Ережелерде көрсетілмеген негіздер бойынша шығарылымды тіркеуден бас тартуға және оны кідіруге, сондай-ақ облигация эмиссиясын болмаған деп тануға жол берілмейді.

6 тарау. Облигацияларды орналастыру және өтеу

45. Облигацияларды орналастыру мерзімі шығарылымды мемлекеттік тіркеген күннен бастап 7 айдан тұрады.

46. Облигацияларды өтеуді және осы шығарылым бойынша міндеттемелерді орындауды эмитент айналысқа облигацияларды шығару шарттарымен белгіленген мерзімдерде жүзеге асырады.

47. Облигацияларды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін эмитент бір ай ішінде осы Ережелердің N 4 қосымшасына сәйкес облигация шығарылымын орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту үшін БҚҰК ұсынуға міндетті.

48. Шығарылымның тіркелген көлемі толық орналастырылмаған жағдайда эмитент БҚҰК осы Ережелердің N 16 қосымшасына сәйкес құжаттар жиынтығын ұсына отырып, нақты тартылған заем капиталының мөлшеріне шығарылымды қайта тіркеуге міндетті.

49. Облигацияларды өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін эмитент бір ай ішінде осы Ережелердің N 5 қосымшасына сәйкес облигация шығарылымын өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту үшін БҚҰК ұсынуға міндетті.

50. Облигация шығарылымын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіту жазбаша ескертпемен ресімделеді және есепті БҚҰК ұсынған күннен бастап 14 күн ішінде эмитентке жібереді. Егер есепті ұсынған күннен кейінгі келесі күннен бастап 14 күн ішінде оны қарау нәтижелері туралы БҚҰК хабарламаса, онда ұсынылған есеп бекітілген болып саналады.

51. Эмитент қайта ұйымдастырылған жағдайда оның облигацияларды өтеу жөніндегі міндеттемелері ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан құқықтық мұрагерге өтеді.

52. Облигацияларды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепке қол қойған лауазымды тұлғалар оның мазмұнындағы мәліметтердің анықтылығы үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

"Облигациялар шығарылымын тіркеу
және өтеу тәртібі туралы Ережеге"
N 1а қосымша

Ескерту: 1а қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

**Облигациялар эмиссиясын тіркеу кезінде
Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар
жөніндегі ұлттық комиссиясына ұсынылатын
құжаттардың
тізбесі**

Облигациялар эмиссиясын тіркеу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1. Эмиссия сомасы мен құрылымы, шығарылатын облигациялардың түрі, эмиссия нөмірі, шаруашылық субъектісінің түрі, эмиссияны жүзеге асыру мақсаттары көрсетіліп еркін нысанда жазылған және лауазымды тұлғасы қол қойған эмитенттің өтініші.

2. Эмитенттің жоғары басқару органының облигация шығарылымы туралы шешім қабылданған, шығарылатын облигациялардың нысаны, түрі және үлгісі көрсетіліп заң талаптарына сәйкес жасалған хаттамасы немесе хаттамадан үзінді - көшірме .

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі .

4. Барлық өзгерістері мен толықтыруларымен мемлекеттік тіркеу органдарында тіркелген, тігілген және нотариалды жолмен расталған жарғының

к о ш і р м е с і .

5. Өзгерістері мен толықтыруларымен бірге құрылтай шартының нотариалды жолмен куәландырылған көшірмесі (ашық үлгідегі акционерлік қоғамдардан б а с қ а) .

6. Шығарылымның материалдық нысаны кезінде - мазмұнында осы Ережеге сәйкес қажетті реквизиттері бар облигациялардың үлгісі, екі дана.

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

7. Бірінші басшы, бас бухгалтер және тексеру комиссиясының төрағасы қол қойған, эмитенттің мөрімен куәландырылған, N 2 қосымшаға сәйкес жасалған қаржылық есеп берумен бірге тігілген Айналысқа облигациялар шығару шарттарының екі данасы. Қаржылық есеп беру аудиторлық есеппен расталады.

Қамтамасыз етілген облигацияларды (ипотекалық облигацияларды қоспағанда) мемлекеттік тіркеу кезінде - аудиторлық есеп не облигациялар шығарылымының қамтамасыз етілгендігін және ақшалай бағалауды растайтын мүлікті бағалау туралы есеп.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

7-1. Егер эмитент ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында облигацияларды орналастыруды және/немесе айналысын жобаланған жағдайда - сауда-саттық ұйымдастырушының осы облигацияларды осы сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі айналысқа рұқсат етілген бағалы қағаздардың ресми тізіміне енгізу мүмкіндігі туралы қорытындысы (листингтің осы облигациялар сәйкес келетін санатын көрсетумен).

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 98 қаулысымен .

8. Бағалы қағаздармен жасалған операцияларға төленген салық туралы төлем құжатының көшірмесі. Төлем құжатында бағалы қағаздар-облигациялар эмиссиясымен жасалған операцияларға салық төлегендік туралы міндетті түрде к ө р с е т і л у к е р е к .

9. Бағалы қағаздардың бұрынғы шығарылымдарын тіркеу туралы куәліктердің және орналастыру туралы БҚҰК бекіткен есептердің көшірмелері.

10. Банктік операцияларды жүзеге асыратын банктер және банктік емес қаржы мекемелері үшін облигация эмиссиясын тіркеу кезінде БҚҰК-на Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сараптау қорытындысын ұсыну қажет.

"Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы Ережеге"

N 16 қосымша

Облигациялар шығарылымын тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына ұсынылатын құжаттардың тізбесі

Облигациялар шығарылымын қайта тіркеу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1. Заем капиталының нақты тартылған көлемі көрсетіле отырып, еркін нысанда жазылған және лауазымды тұлғалары қол қойған эмитенттің өтініші.
2. Айналысқа облигациялар шығару шарттарындағы өзгерістер.
3. Айналысқа облигациялар шығару шарттарына енгізілген өзгерістерді бекіту туралы қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасы.
4. Осы шығарылымды тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы және БҚҰК белгісі қойылған айналысқа облигациялар шығару шарттары.
5. Банктік операцияларды жүзеге асыратын банктер және банктік емес қаржы мекемелері үшін облигация эмиссиясын қайта тіркеу кезінде БҚҰК Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сараптау қорытындысын ұсыну қажет.
6. Шығарылым шарттарының өзгерісі туралы баспа органында жарияланған хабарландырудың ксерокөшірмесі.

"Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы Ережеге"

№ 2 қосымша

Айналысқа облигациялар шығару шарттары

I. Эмитент туралы мәліметтер

1. Эмитенттің толық және қысқаша атауы.
2. Эмитенттің ұйымдық-құқықтық нысаны.
3. Орналасқан жері және банктік реквизиттері: пошталық толық атауы, қызмет көрсететін банктің аты және оның орналасқан жері, банктің коды және Ф А А .
4. Тіркеуші органның атауы және заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу датасы .
5. Шаруашылық субъектісінің мемлекеттік тізілім бойынша нөмірі.
6. Қызметінің негізгі түрлері.
7. Эмитенттің негізгі қаражаттарының қысқаша сипаты:
 - Мысалы: үй, ғимарат, көлік құралдары, станоктар және құрал-жабдықтар және т.б.;
 - Соңғы рет қайта бағалаудың датасы. Негізгі қаражаттың әрбір

түрі бойынша құны (бухгалтерлік баланстың мәліметі бойынша).

8. Жер учаскесінің мөлшері.

9. Жарғы бойынша Резерв қорының мөлшері (процентпен), Облигация шығарылымы туралы шешім қабылданған датаға Резерв қорының нақты мөлшері

10. Салықтар төлеу жөніндегі мерзімі өтіп кеткен қарыздардың облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылдау сәтіне мөлшері. Салықтың түрі. Қ а р ы з д ы ң с о м а с ы .

11. Бағалы қағаздардың бұрынғы шығарылымдары туралы мәліметтер:

а) т ү р л е р і ;

ә) шығарылымдардың даталары;

б) шығарылымдарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер;

в) акциялар эмиссиялары бойынша есептерді және облигациялардың бұрынғы шығарылымдарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіту даталары ;

г) шығарылымдардың көлемдері.

II. Эмитенттің қаржылық күй-жайы туралы мәліметтер

12. Эмитенттің қаржылық күй-жайын растайтын құжаттарға мыналар ж а т а д ы :

Салық инспекциясының белгісі қойылған соңғы үш қаржы жылдарының бухгалтерлік балансы (ЕҚЖЖ бойынша N 1-үлгі) және балансқа қосымша (ЕҚЖЖ бойынша N 2 және N 3-үлгілер).

Соңғы есепті кезең жағдайы бойынша бухгалтерлік баланстар және бухгалтерлік балансқа қосымшалар.

Облигациялар шығарылымы туралы шешімді қабылдау датасы мен құжаттарды тіркеуге ұсыну датасы арасындағы кезең үш айдан аспау керек.

13. Барлық қаржылық құжаттар облигациялардың айналымға шығу шартына с ә й к е с т і г і л у і к е р е к .

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

III. Келешектегі облигация шығарылымы туралы мәліметтер

14. Облигация шығарылымы туралы жалпы мәліметтер:

а) шығарылымның жалпы көлемі және облигацияның нақтылы құны;

ә) шығарылатын облигациялардың түрлері;

б) шығарылатын облигациялардың жалпы саны;

в) а й н а л ы с м е р з і м і ;

г) облигациялар бойынша міндеттемелердің орындалысын қамтамасыз ету т ә с і л д е р і ;

ғ) о р н а л а с т ы р у м е р з і м і ;

д-1) эмитенттің облигацияларды листингтің осы облигациялар сәйкес келетін санатын көрсете отырып сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі айналысқа рұқсат етілген бағалы қағаздардың ресми тізіміне енгізу бастамасы жөніндегі ниеті туралы мәлімет.

Ескерту: д-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 98 қаулысымен .

15. Шығарылымды өтеу тәртібі туралы мәліметтер:

- а) проценттерді төлеу мерзімдері;
- ә) ұтыс тираждарын өткізу шарттары (егер бұл қарастырылса);
- б) өтеу шарттары .

16. Эмитенттің міндеттемелерін орындайтын орын.

17. Облигация шығару арқылы жұмылдырылатын қаражаттарды пайдалану бағыттары мен тәртібі:

- жаңа өндірісті ұйымдастыру (нақты қайсы екенін атаңыз);
- жұмыс істеп тұрған өндірісті кеңейту, түрлендіру немесе қайта құру (қайта құрылатын өндірістік бөлімшелерді атаңыз);
- жаңа технология жасау және игеру;
- басқасы .

18. Облигациялық заем бағдарламасын енгізу кезінде жұмсалған қаражаттардың есебі және жобаланған пайданың есебі.

19. Топтар бойынша тәуекел факторларын талдау:

- экономикалық (мысалы: эмитент қызметі жүйесінің инфляцияға ұшырауы, кәсіпорынның айналыс қаражаттарын құруға банктік проценттің әсері және т.б.);
- бәсекелер әсері (мысалы: саладағы аса төмен бағалармен ұқсас өнімдер шығаратын кәсіпорындар және т.б.);
- техникалық (мысалы: құрал-саймандар бөлшектерінің тозуы және т.б.);
- экологиялық (мысалы: экологиялық нормативтердің бұзылуынан кәсіпорынның жабылу мүмкіндігі).

"Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы Ережеге"
N 3 қосымша

Облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы КУӘЛІК

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы _____

(тіркеуші органның орналасқан жері)

тіркелген _____

(толық атауы және заңды мекені)
мынадай бағалы қағаздардың _____ шығарылымына рұқсат
(эмиссия нөмірі)
етеді: облигация түрі _____ саны _____ номиналы _____ сомасы _____ ҰИН _____

жарғылық қоры _____ теңге болғанда, жалпы сомасы _____ теңгеге.

Облигацияның эмиссиясы _____ нысанда жүзеге асырылады.

Облигацияның эмиссиясы Мемлекеттік тізілімге N _____ енгізілді.

Ұлттық комиссияның Төрағасы _____

(қолы)

"Облигациялар _____ шығарылымын
тіркеу және _____ өтеу тәртібі _____ туралы
Ережеге" N 4 қосымша

Облигация шығарылымын орналастыру қорытындылары туралы бірыңғай есеп

1. Эмитенттің толық және қысқаша атауы _____
(шаруашылық субъектісінің

_____ түрін және үлгісін, орналасқан жерін, қашан, кім және қайда

_____ тіркелгенін көрсету керек)

2. Пошталық (заңды) мекені _____

3. Облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеу датасы мен нөмірі _____ (

_____ жалпы сомасы, түрлері, үлгілері және номиналдары бойынша саны)

4. Шығарылым нысаны _____

(материалдық немесе материалдық емес)

Егер эмиссия материалдық нысанда орналастырылса, онда облигацияны дайындауға тапсырысты кім орындағанын көрсету керек.

5. Облигацияның осы шығарылымының тізілім ұстаушысының атауы _____

6. Облигация шығарылымы туралы ақпараттық хабар жарияланған баспа органының атауы және жариялау датасы _____

7. Облигацияны орналастырудың басталуы _____ және облигацияны орналастырудың аяқталуы _____

7-1. Ипотекалық облигациялар шығару кезінде эмитент жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, ипотекалық банктік заем (кредит) шарттары

бойынша талап ету құқықтарының кепілі және/немесе осындай шарттар бойынша ипотекалық куәліктер кепілі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылдауы мүмкін бағалы қағаздар және ақша кепілі шартының (шарттарының) олардың мемлекеттік тіркелгендігі туралы белгісімен қоса көшірмесін (көшірмелерін) ұ с ы н а д ы .

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392 қаулысымен .

8. Облигацияларды төлеу _____ сомада ақша қаражаттарын енгізу _____ арқылы _____ жүргізілді.

9. Облигация шығарылымының орналастырылмаған көлемі _____

Президент _____

М.О . *Бас бухгалтер* _____

Тексеру комиссиясының төрағасы _____

"Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы Ережеге" N 5 қосымша

Облигация шығарылымын өтеу қорытындылары туралы бірыңғай есеп

1. Эмитенттің толық және қысқаша атауы _____
(шаруашылық субъектісінің

_____ түрін және үлгісін, орналасқан жерін, қашан, кім және қайда

_____ тіркелгенін көрсету керек)

2. Пошталық (заңды) мекені _____

3. Облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеу датасы мен нөмірі _____
Эмиссияның мөлшері мен құрылымы _____

(жалпы сомасы, түрлері,

_____ үлгілері және номиналдары бойынша саны)

4. Шығарылым нысаны _____
(материалдық немесе материалдық емес)

Егер эмиссия материалдық нысанда орналастырылса, онда облигацияны дайындауға тапсырысты кім орындағанын көрсету керек.

5. Облигацияның осы шығарылымының тізілім ұстаушысы туралы мәліметтер .

6. Облигация шығарылымын орналастыру туралы есепті БҚҰК бекіткен датасы _____

7. Облигацияны орналастырудың басталуы _____ және облигацияны орналастырудың аяқталуы _____

8. Төленген проценттердің мөлшері _____

9. Өтелмеген облигациялардың саны _____

Президент _____

М.О. Бас бухгалтер _____

Тексеру комиссиясының төрағасы _____

"Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы Ережеге" N 6 қосымша

Ұсынылатын құжаттамаларды ресімдеу үлгісі

Облигация эмиссиясын тіркеу үшін ұсынған құжаттар БҚҰК келіп түскен датасы "___" _____ 199__ ж.

Эмитенттің атауы _____

Эмитенттің мекені _____

Эмитенттің жауапты қызметкері _____

(аты-жөні, телефон, факс нөмірлері)

Ұсынылған құжаттамалардың тізбесі: Данасы

1. Эмитенттің өтініші	1
2. Жалпы жиналыс шешімдердің хаттамасы	1
3. Мем.тіркеу туралы куәліктің көшірмесі	1
4. Жарғының көшірмесі	1
5. Құрылтай шартының көшірмесі	1
6. Облигациялардың үлгілері	-
7. Тізілім жүргізу тәртібін айқындайтын құжаттар	-
8. Айналысқа облигациялар шығару шарттары	2
9. Төлем тапсырысының көшірмесі	1
10. Бұрынғы эмиссия қорытындысы туралы есеп	-
11. Статистикалық карточканың көшірмесі	1
12. Облигация шығарылымын қамтамасыз етуді	-

растайтын құжаттар

Құжаттардың толықтығы тексерілді _____

(Ұлттық комиссияның атқарушы аппаратының жауапты қызметкері)

Ескерту: Құжаттардың ресімдеу үлгілерін папкаға желімдей отырып, құжат тігілетін қағаз папкамен ұсыну керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ